

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІН ӨЗГЕРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛИЗМА ПЕДАГОГОВ В УСЛОВИЯХ ТРАНСФОРМАЦИИ ДУХОВНОЙ ЖИЗНИ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ЖАҢА ТҰРПАТТЫ МҰҒАЛІМДІ ДАЯРЛАУДА ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Айдыналиева Назгул Аманжоловна.
психология-педагогика факультетінің деканы,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Аннотация

Берілген мақалада жоғары оқу орнында жаңа тұрпатты мұғалімді даярлауда ұлттық сананы дамытудың маңызы қарастырылады. Сонымен қатар, жаңа тұрпатты мұғалім қазіргі инновациялық технологияны игерумен қатар, ұлттық сананы дамыту арқылы рухани жаңғырудың өзектілігі ұсынылады.

Аннотация

В статье рассматривается роль и значение высшего учебного заведения в формировании национального самосознания педагогов новой формации. У будущего учителя в процессе обучения в вузе наряду с овладением современными образовательными технологиями, должна быть актуализирована потребность в духовной модернизации через развитие гражданско-патриотических качеств студенческой молодежи.

Abstract

The article deals with role of patriotic upbringing at the formation of the culture of international association future teacher at the institute. Author pays attention to the connection of the ethnopedagogical culture and the culture of international association

2017 жылдың сәуір айында ҚР Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» - атты мақалысының жарық көргені бәрімізге мәлім. Қазір елімізде осы құнды мақала бойынша талқылаулар және жұмыстар жүргізілуде. Бұл мақаладағы Елбасының «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай». - деген ойынан бастап мақаланың соңғы парағына дейін болашақ мұғалім даярлап отырған мамандар үшін үлкен жауапкершілікті арттырып отыр. Мұғалім мамандығы қай заманда болсын өте күрделі әрі жауапкершілігі зор мамандық. Сондықтан бұл мақаланың мазмұнын тереңінен түсініп, тәжірибеде жүзеге асыру біз үшін өте маңызды. Факультетімізде жас ұрпақ тәрбиесіне жауап беретін бес мамандықты даярлаудамыз. Олар: «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу», «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Дефектология», «Педагогика және психология», «Психология» мамандықтары. Болашақ мамандарды даярлауда басты мақсатымыз – терең кәсіби білімді, шеберліктер мен дағдыларды игерген, Отанының тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен құрмет көрсететін, ұлттық санасы рухани жаңғыруға сәйкес дамыған, ұлттық кодымызды сақтай білетін жаңа тұрпатты мұғалімді тұлғасын қалыптастыру болып отыр.

Елімізде болып жатқан өзгерістер мен проблемалар біз даярлап отырған мамандардың қызметіне және жауапкершілігіне тікелей байланысты болғандықтан, жоғары оқу орнымызда профессорлық-оқытушылар құрамы бірлесе отырып, оқу-тәрбие үдерісі барысында жаңа тұрпатты мұғалімдерді даярлауда. Жаңа тұрпатты мұғалім дегеніміз кім? – деген сұраққа жауап беретін болсақ, әрине бұл жаңа тұрпатты мұғалім сөзін еліміздегі білім беру саласында жаңа технологиялардың енген кезінен

бастап қолданып келеміз. Алайда, бүгінгі күнгі жаңа тұрпатты мұғалім қазіргі инновациялық технологияны игерумен қатар, ұлттық санасы қалыптасқан, рухани жаңғырған педагог болу қажет. Өйткені, ол еліміздің қоғамдық және әлеуметтік дамуында жетекші рөл атқаратын тұлға. Сондықтан да өзінің болашағы үшін мамандық таңдаушы талапкер мамандықты өзінің қабілетіне, ой-өресіне сәйкес таңдау қажет. Осыған орай, біз мектеп бітіруші жас талапкерді мұғалім мамандығына аса үлкен жауапкершілікпен таңдау жұмыстарын жүргізудеміз. Жасыратыны жоқ, кейбір мектеп бітіруші талапкерде мемлекеттік грант есебінен оқысам немесе жоғары білім дипломын алсам жарайды - деген көзқарастың болғаны біздің тәжірибемізде дәлелденіп келеді. Ал осындай көзқарастағы студенттерге қазіргі жаңа тұрпатты мұғалімнің талаптарын орындау, қиындық туғызады. Сондықтан да жаңа тұрпатты болашақ мұғалім білімді жоғары оқу орны дипломын алу үшін ғана оқымай, жақсы білім алу үшін және болашақта құзіретті маман иесі болу үшін оқу керек. Соңғы уақытта бізді мазалап отырған проблема, ол еліміздегі жастар арасындағы жиі болып жатқан - суицид проблемасы. Бұл проблеманың алдын алу және девианттық мінез-құлықтың проблемасы бойынша, біз жоғары оқу орнында белсенді жұмыс атқарудамыз. Атап айтқанда, психолог мамандардың ұйымдастыруымен суицид белгілерін анықтаудың тест тапсырмалары құрастырылып, өңделді. Сонымен қатар, студенттермен және басқа да білім беру ұйымдарымен тренинг жұмыстары, онлайн-конференция және дөңгелек үстелдер жүргізілуде.

2017-2018 оқу жылының наурыз айында мектеп психологтарымен «Оқушылар арасында тәуекелді мінез-құлықтың алдын алу мәселесі бойынша мектепте психологиялық қызметті ұйымдастыру: тәжірибе, мәселелер, болашағы» -атты онлайн-семинары өтті. Онлайн-семинарға Қостанай облысы кәмелетке толмаған балаларады бейімдеу орталығы психологтары, Қостанай облысындағы психиатриялық аурухана қызметкерлері, облысымыздың және қаламыздың бірнеше психолог-педагогтары қатынасты. Онлайн-семинарда келесі өзекті мәселелер қарастырылды. Олар:

- Психологиялық-педагогикалық әдебиетте оқушылар арасында тәуекелді мінез-құлық бойынша психологиялық алдын алуды ұйымдастыру мәселесі ;

- Қостанай облысы бойынша оқушылар арасында тәуекелді мінез-құлықтың алдын алу бойынша мәселелер және іс-әрекет болашағы;

- Жеткіншектер арасында тәуекелді мінез-құлықтың және өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу;

- Отбасында қатал қарым-қатынас ортасына психологиялық көмек;

- Ата-ана қамқорлығынан айрылған, қараусыз және панасыз қалған балалармен жұмыс тәжірибесі;

- Қостанай облысындағы психиатриялық ауруханасындағы оқушылар арасында тәуекелді мінез-құлықтың алдын алу бойынша психологиялық қызметтің рөлі;

- Қостанай облысы кәмелетке толмаған балаларады бейімдеу орталығы және Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтымен бірлескен девиантты мінез-құлықты балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету тәжірибесі;

-«Тәуекел тобындағы» балаларды психологиялық қолдау және бұл жұмыстың тиімді тәжірибесі;

- Жеткіншектердің антивитаальды көңіл-күйінің қалыптасуына әлеуметтік желілердің ықпалы тақырыптары қарастырылып,талқыланды және болашақта тәжірибеге ұсынылды. Осындай девиантты мінез-құлықтағы балалармен және жеткіншектермен жұмыс ерекшеліктері сұрақтары талқыланып, проблеманы шешудің жолдары тәжірибеге ұсынылды. Сонымен қатар, жоғары оқу орнымызда «Суицидалды мінез-құлықты алдын алудың психологиялық негіздері» - атты оқу құралының тұсаукесері өтті. Жоғарыда атап өткен жұмыстар жүргізілумен қатар, біз оқу- тәрбие жұмыстарын елбасы мақаласы мазмұны бойынша жалғастырып, жүргізудеміз. Бұл

мақаланың мазмұны біздің алдымызға қойған мақсат, міндеттеріміз жыл, ай, апта сайын емес күнделікті жұмыс жасауды талап етеді. Бүгінгі жаһандану үдерісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу үлкен міндет. Ұлттық тәрбие мен ұлттық рух жаһандану үдерісінің көлеңкесінде қалмас үшін студентке ең алдымен маңызды, өзін-өзі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі; екіншіден, еліне деген сүйіспеншілік сезімінің болуы; үшіншіден, мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білу; төртіншіден, халықтың өткен тарихын білудің қажеттілігі; бесіншіден, қазақ халқының әдет-ғұрыптарын сақтау, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу қажеттілігі болып табылады. Аталып өткен міндеттер біздің оқу үдерісімізде Қазақстан тарихы, Этнопедагогика пәндері арқылы дамыса, тәрбиелік іс-шараларда бұл міндеттерді әрі қарай жетілдіреміз. Жоғары оқу орнында жыл сайын қазақ бөлімдері студенттерінің саны көбеюде. Солтүстік өңіріндегі оқу орындарында қазақ бөлімдері студенттерінің көбеюіне өз пайдасын тигізіп отырған ол «Серпін» бағдарламасы болып отыр. Біздің жоғары оқу орнына «Серпін» бағдарламасымен келіп білім алып жүрген студенттермен тәрбие жұмыстарын көбінесе ұлттық негізде өткізудеміз. Атап айтқанда, «Өнерлінің өрісі кең», «Отбасы -тәрбие бастауы», «Ата-ананың парызы», «Қарттарым аман саумысың», т.б. тәрбие іс-шаралары студенттермен ұлттық өнер көрсету арқылы театрландырылған қойылым түрінде орындалып, жоғары нәтижені көрсетті. Қазіргі жаһандану үдерісіндегі қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік проблемаларды шешуде ұлттық тәрбиеміз оң нәтижесін беретініне және құзыретті психолог, педагогтарды даярлап шығатынымызға сенуге болады. Егер, елімізде өмір сүріп отырған әр-бір тұлға ұлттық кодымызды сақтай отырып, рухани жаңғыруды дұрыс түсініп, жүзеге асырса, біздің мақсат, міндеттеріміз орындалатыны сөзсіз.

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ УЧИТЕЛЯ, ЕГО СТРЕМЛЕНИЕ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ РОСТУ

Акимжанова Замзагуль Нуркановна
учитель самопознания, СШ №22

Сыздыкова Баян Токтамысовна
учитель русского языка и литературы, СШ №22

Данилкова Маргарита Рафаиловна
учитель истории, СШ №22

Панова Ольга Александровна
учитель изобразительного искусства, СШ №22

г. Костанай

Аннотация

Егер мектеп ұжымы үнемі ізденіс жүргізетін болса, оқу-тәрбие үдерісінде және басқаруда инновацияларды жасау мен пайдалануды қамтамасыз ете алады. Заманауи әлемдегі кез-келген мұғалімнің мақсаты мұғалімдердің кәсіби дамуының мотивациясын жетілдіру болып табылады.

Аннотация

Школа может развиваться, если ее коллектив будет работать в постоянном поиске, обеспечивая создание и использование инноваций в учебно-воспитательном процессе и в управлении. Целью любого педагога в современном мире является совершенствование мотивации профессионального развития педагогов школы.

Abstract

The school can develop if its collective will work in constant search, ensuring the creation and using of innovations in the teaching and educational process and in management. The goal of any teacher in the modern world is to improve the motivation of professional development of school teachers.

Түйінді сөздер: мотивация, мұғалем, өсуі, дамыту, білім.